

ЖЕКЕ МЕКТЕПТЕР ЖАЙЫ ҚАЛАЙ БОЛАДЫ?

5-БЕТ | ҚОҒАМ



АСТАНА БАЛЕТТЕН НЕ КҮТЕМІЗ?

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Ұлттық құрылтай отырысында мен еліміздің тағдырына қатысты бұл мәселе бойынша нақты пікірлерімді айтамын. Нақтылай айтқанда, еліміздің сапалық тұрғыдан мүлдем жаңа саяси тұрпаты қалыптасып жатыр. Парламенттік реформаны жүзеге асыру үшін Конституцияның бірден бірнеше бөлімін қайта қарау қажет болады. Сондықтан Ата заңымызға осыған дейін енгізілген өзгертулерді ескерсек, Жұмыс тобы ұсынып отырған түзетулер жобасы Қазақстанның шын мәнінде жаңа Конституциясы туралы айтуға мүмкіндік береді.

№7
(4905)
Сейсенбі
20 қаңтар
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



ЕЛОРДА ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Астанада 481 мыңнан астам жастар тұрады. Қала басшылығы жастарды қолдауға бағытталған жұмыстарды жүйелі жүргізуде. Соның ішінде білім алуға, жұмысқа тұруға, баспанаға қол жеткізуге, ерікті болып қызмет етуге қатысты ауқымды іс-шаралар бар. Бас қаладағы NEET санатындағы жастардың саны 28 мың адамды құрайды. Оларды уақытша және тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз ету үшін жүйелі, нәтижелі жұмыстар атқарылуда.

10 ОҚУ ОРНЫНАН ШАҚЫРТУ АЛДЫ

Астана қаласындағы №9 «Зерде» мамандандырылған лицейінің 11-сынып оқушысы Аяла Маханбетәлі әлемнің жетекші он университетінен бірден ресми шақырту алды.




Астана әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, шақырту жолдаған университеттердің қатарында Ivy League құрамына кіретін Harvard University мен Brown University, сондай-ақ University of Cambridge, Stanford University, Massachusetts Institute of Technology (MIT) және әлемдік беделді рейтингтерде көш бастап тұрған өзге де алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары бар. Оқушыға ұсынылған қаржылық қолдаудың жалпы көлемі 2 миллион АҚШ долларын құрайды. Аталған қаражат оқу шығындарын толық немесе ішінара өтеуге мүмкіндік береді.

САНСӨЙЛЕМ

ЕЛОРДАДА ҚЫС МЕЗГІЛІ БАСТАЛҒАЛЫ БЕРІ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ

2 МЛН 789 664

ТЕКШЕ МЕТР ҚАР 206 961 РЕЙСПЕН ТАСЫМАЛДАНДЫ.





№7 (4905) 20/01/2026 Сейсенбі



ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Астанада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті. Жиында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Президентке Жұмыс тобының атқарған қызметі туралы баяндап, Парламентті трансформациялауға қатысты ұсынылып отырған конституциялық өзгерістердің көлемі ауқымды екеніне назар аударды.

Мемлекеттік кеңесші Жұмыс тобы мүшелерінің ортақ пікірін жеткізіп, бұл өзгерістер саяси жүйені уақыт талабына сай жаңғыртуға ықпал ететінін айтты.

Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев азаматтардан келіп түскен ұсыныстар негізінде Конституциялық реформа жөніндегі жұмыс тобы мүшелері әзірлеген басты тәсілдер туралы баяндады. Атап айтқанда, былтырғы қазан айынан бері өтіп келе жатқан отырыстарда жаңа Парламентке қатысты мәселелердің бәрі қаралды. Оның ішінде депутаттар саны, өкілеттік мерзімдері, сайлау тәртібі, бір палаталы Парламенттің заң шығару тетіктері, сондай-ақ оның биліктің өзге институттарымен өзара іс-қимыл мәселелері қамтылды.

Парламентаризм институтының директоры Наталья Пан азаматтардан, сарапшылардан, қоғамдық бірлестіктерден e-Otinish және eGov платформалары арқылы келіп түскен ұсыныстар туралы ақпарат берді. Бірнеше ай ішінде саяси партиялардың барлығы, ондаған үкіметтік емес ұйым, бизнес-қоғамдастық өкілдері, құқықтанушы ғалымдар мен сарапшылар конституциялық реформаға қатысты өз бастамаларын жолдаған. Парламенттік реформадан бөлек, Жұмыс тобына азаматтардан мемлекеттік құрылымның жалпы мәселелері мен саяси және қоғамдық институттарды жетілдіруге қатысты 1,6 мыңға жуық ұсыныс келіп түсті.

Парламент Мәжілісіндегі Amanat партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев және «Ақ жол» партиясының көшбасшысы Азат Перуашев, «Жалпыұлттық социал-демократиялық партия» фракциясының басшысы Асхат Рахымжанов парламенттік реформа аясында жүзеге асырылатын конституциялық өзгерістердің ауқымды екенін мәлімдеді. Олар өңірлерде Парламент депутаттарының жұмыс кездесулері барысында азаматтардың алдағы саяси реформаға айрықша қызығушылық танытып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ жиында Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров, Парламент Мәжілісінің депутаттары Үнзила Шапақ, Марат Бәшімов, Никита Шаталов, саясаттанушы Бөріхан Нұрмұхамедов пікірлерін білдірді.

Отырысты қорытындылаған Мемлекет басшысы алдағы конституциялық реформаны талқылау басталғалы бері жарты жылға жуық уақыт өткенін еске салды. Осы кезең ішінде қоғамда елдің жоғары заң шығарушы органын трансформациялаудың мақсаттары мен міндеттеріне қатысты дұрыс түсінік қалыптасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйек айындағы халыққа арнаған Жолдауынан кейін өрбіген қоғамдық пікірталастарды мұқият қадағалап отырғанын жеткізді. Мемлекет басшысы талқылау нәтижесін, сараптама қорытындыларын, ұсынылған түзетулердің жобаларын, сондай-ақ конституциялық реформаға қатысты азаматтардан келіп түскен ұсыныстарды егжей-тегжейлі зерделеуде.

Саяси жүйені одан әрі реформалаудың маңызы мен мазмұнына тоқталған Президент институционалдық негізді терең жаңғырту және заң шығарушы билік тармағын жүйелі түрде қайта форматтау қажет екенін айтты. «Ертең Ұлттық құрылтай отырысында мен еліміздің тағдырына қатысты бұл мәселе бойынша нақты пікірлерімді айтамын. Нақтылай айтқанда, еліміздің сапалық тұрғыдан мүлдем жаңа саяси тұрпаты қалыптасып жатыр. Парламенттік реформаны жүзеге асыру үшін Конституцияның бірден бірнеше бөлімін қайта қарау қажет болады. Сондықтан Ата заңымызға осыған дейін енгізілген өзгертулерді ескерсек, Жұмыс тобы ұсынып отырған түзетулер жобасы Қазақстанның шын мәнінде жаңа Конституциясы туралы айтуға мүмкіндік береді» деді Мемлекет басшысы.

ЗАҢ НЕ НӘРСЕГЕ ТЫЙЫМ САЛАДЫ?

Елімізде 19 қаңтардан бастап «Жасанды интеллект туралы» заң күшіне енді. Заңға қол қойылған сәттен бастап 60 күн өтті және белгіленген рәсімдерге сәйкес, құжат толық көлемде қолданысқа енгізілді.

Бұдан былай Қазақстан аумағында: манипулятивті әдістерді қолданатын; адамның жасына, денсаулық жағдайына немесе әлеуметтік мәртебесіне байланысты осал тұстарын пайдаланатын; әлеуметтік немесе биометриялық кемсітушілікке жол беретін; адамның эмоциясын оның келісімінсіз анықтайтын; жеке деректер туралы заңнаманы бұзатын; тыйым салынған контент жасайтын немесе таратын жасанды интеллект жүйелерін құруға және пайдалануға тыйым салынады.

Заң жасанды интеллектіні пайдаланудың ашықтығына қойылатын талаптарды белгілейді. Пайдаланушылар тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер ЖИ-ді қолдану арқылы жасалғанын білуі шарт. Синтетикалық контент міндетті түрде таңбалануға және пайдаланушылар үшін түсінікті ескертумен белгіленуге тиіс.

Жасанды интеллектіні пайдалану арқылы жасалған туындылар адамның шығармашылық үлесі болған жағдайда ғана «авторлық құқық объектісі» деп танылады. Адамның зияткерлік қызметінің нәтижесі арқылы алынған мәтіндік сұраулар (промпттар) да авторлық құқықпен қорғалады. Автор немесе құқық иесі тыйым салмаған жағдайда ғана ЖИ модельдерін оқыту үшін туындыларды пайдалануға рұқсат етіледі.

Заңға сәйкес, жасанды интеллект көмегімен жасалған немесе өңделген барлық контент арнайы таңбалаумен белгіленуі тиіс (яғни deepfake, ЖИ жасаған суреттер, бейнелер, мәтіндер және т.б.). Таңбалаусыз материалдарды жариялағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген: жеке тұлғалар үшін – 15 АЕК (64 875 теңге); шағын бизнес үшін – 20 АЕК (86 500 теңге); орта бизнес үшін – 30 АЕК (129 750 теңге); ірі бизнес үшін – 100 АЕК (432 500 теңге).

ОТЫЗ ЖЫЛДА БІР КІТАП 100 РЕТ ШЫҚҚАН

Кеше Қызылорда қаласында V Ұлттық құрылтай өз жұмысын бастады. Екі күнге жалғасатын алқалы жиынның алғашқы күнінде төрт панельдік секция бойынша отырыстар өтті.

Әлеуметтік-мәдени даму секциясын Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Білім-ғылым секциясын Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жүргізді. Күннің екінші жартысында азаматтық қоғам және экономикалық даму тақырыбы қамтылды. Бұдан бөлек, Құрылтайда ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын өзекті мәселелер талқыға түседі. Сондай-ақ Ұлттық құрылтай мүшелері кеше облыс орталығындағы бірқатар нысандарды аралады.

Әлеуметтік-мәдени даму секциясында Аида Балаева еліміздегі балаларға арналған кітаптар туралы ой-пікірін ашық жеткізді. «Еліміздегі кітапханаларда оқитын кітап аз деуге болады. Өйткені осы отыз жылда бір автордың кітабы жүз, екі жүз, тіпті мың рет шыққан деректер бар. Атауын өзгертіп қайта-қайта шығара береді. Біз әр кітапхананың кітап қорын зерделеп шықтық. Шынымен, мұндай өкінішті жағдайлар көп кездесті. Балалар өзі оқығысы келіп, іздеген кітабын таба алмайды. Балалардың кітапқа қызығушылығын арттырғымыз келеді, бірақ олардың сұранысын қанағаттандыратын дүниелер жоқтың қасы. Ол үшін толық деңгейде жағдай жасай алмай келе жатқанымызды ашық айтуымыз керек» деп түсіндірді мәселені Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі. Сол себептен министр Үкімет деңгейінде комиссия құрып, кітапханалар қорын толықтыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Сонымен қатар бұл жұмысты жеделдету қажеттігін айтты.

ИМПОРТТАЛАТЫН ТАУАРЛАР БАҒАСЫ ӨСУДЕ

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен жаңа жылдағы инфляцияны тұрақтандыру мәселелері жөніндегі алғашқы кеңес өтті.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының кеңейтілген тізбесі биылғы жылдың 4 қаңтарынан бастап күшіне еніп, алғашқы оң нәтижелерін көрсете бастады. Атап айтқанда, жыл басынан бері азық-түлік тауарлары бағаларының индексі +0,2%-ды құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен (+0,7 %) үш есе төмен.

Бұған дейін мемлекеттік баға реттеуі қолданылмаған бірқатар тауар позициялары бойынша да оң баға динамикасы тіркелді. Жыл басынан бері сүт өнімдерінің бағасы төмендеді: қаймақ 0,2 %-ға, сүт 0,3%-ға, ірімшік 0,6 %-ға арзандады. Жеміс-көкөніс тобы бойынша қызанақтың бағасы 1%-ға, қияр 3,7%-ға, алма 1,5%-ға төмендеді. Сонымен қатар кеңейтілген тізбеге енгізілген күріш, шай, ет және балық өнімдерінің жекелеген түрлері бойынша да бағаның төмендеуі байқалады.

Отырыс барысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары тізбесін кеңейту шарасы уақытша сипатқа ие екені және азық-түлік нарығындағы баға ауытқуларын жақсартуға бағытталғаны айтылды. Нарықтағы жағдай тұрақтанған сайын аталған тізбе кезең-кезеңімен негізгі 19 позицияға қайтарылады.

Сонымен бірге жекелеген азық-түлік өнімдері бойынша бағаның өсуі сақталуда. Олардың ішінде күнбағыс майы, сары май және сүзбе қымбаттаған. Бұл, негізінен, импорттық өнімдердің үлесіне, сондай-ақ сыртқы нарықтағы баға конъюнктурасына байланысты. ФАО деректеріне сәйкес, 2025 жылдың қорытындысы бойынша өсімдік майларының әлемдік орташа баға индексі 161,6 пунктті құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 17,1 %-ға өсті. Бұл көрсеткіш соңғы үш жылдағы ең жоғары деңгей болып отыр және әлемдік нарықтағы ұсыныстың шектеулі болуымен байланысты.

Ішкі нарықтағы бағаны ұстап тұру мақсатында Сауда және интеграция министрлігі майлы дақылдарды қайта өңдеушілердің ұлттық қауымдастығымен биылғы жылға өнімнің сату бағасын тұрақтандыруды көздейтін меморандум әзірлеуде. Сондай-ақ жұмыртқа, тауық еті, тұз және картоп өндірушілерімен де осындай келісімдер жасалмақ.

Түркістан облысындағы әлеуметтік нан бағасының өсу жағдайы да жеке қаралды. Өңірдегі үш наубайхананың бірінде өндірістік шығындардың артуы және арзандатылған ұн тапшылығына байланысты баға көтерілген. Қазіргі уақытта жағдай тұрақтандырылып, баға бұрынғы деңгейіне түсірілді. Осыған байланысты вице-премьер Азық-түлік корпорациясына «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясымен бірлесіп өңірлердің жеңілдетілген ұнмен қамтамасыз етілуіне жедел талдау жүргізуді және қажет болған жағдайда арзандатылған астықтың үздіксіз жеткізілуін қамтамасыз етуді тапсырды.

Көкөніс өнімдері мен алма бағасы жалпы алғанда тұрақты деңгейде сақталуда. Қаңтар айында картоптың сату бағасы бір килограмына 150-170 теңге аралығында болды. Бұл Сауда және интеграция министрлігі мен Картоп өсірушілер одағы арасындағы меморандумда белгіленген шекті деңгейлерге сәйкес келеді. Сонымен қатар картоп пен сәбіз экспортының артуы ішкі нарыққа қосымша қысым түсіруде. Осыған байланысты өңірлердегі бағаны тұрақтандыру мақсатында тұрақтандыру қорларынан көкөніс өнімдерін сату жұмыстары басталды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, жалпы көлемі 247 мың тонна құрайтын қалыптастырылған қордан 35,8 мың тонна өнім сатылған. Бірқатар өңірде өнімді қолжетімді бағамен өткізу қарқыны жеткіліксіз. Осыған байланысты Серік Жұманғарин өңір әкімдіктеріне ақпан айының соңына дейін өткен жылғы өнім қорының негізгі бөлігін сатуды тапсырды.

Сондай-ақ Сауда және интеграция министрлігіне QazTrade компаниясымен бірлесіп наурыз айының басынан бастап көршілес елдерден ерте пісетін ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізуді ұйымдастыру тапсырылды. Жыл соңына дейін республика бойынша шамамен 6 мың ауыл шаруашылығы жәрмеңкесін өткізу жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, вице-премьер жауапты мемлекеттік органдарға ағымдағы баға динамикасын ескере отырып, бағаны тұрақтандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қайта қарап, өзектендіруді тапсырды.



«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ» ЖОБАСЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Сарыарқа ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында тегін дәріс өтті. Дәріс барысында тұрғындарға бастамаларды іріктеу критерийлері, сондай-ақ жобаны дауыс беруге жіберу үшін қандай талаптарға назар аудару қажет екені жан-жақты түсіндірілді.



Жобалық ұсыныстарды қабылдау 20 қаңтарда басталып, 1 наурызға дейін жалғасады. Осы кезеңде қатысушылар абаттандыру бойынша нақты өзгерістер көрсетілген және қажетті қаражат көлемі есептелген жоспар дайындауы тиіс. Өтінімдер Сарыарқа ауданы әкімдігінің www.saryarka.astana.kz ресми сайты арқылы қабылданады.

Өтінімдер қабылдау аяқталғаннан кейін жобалар техникалық тексеру мен талдау кезеңінен өтеді. Бағдарлама талаптарына сай келген бастамалар дауыс беру кезеңіне жіберіліп, оның қорытындысы бойынша іске асырылатын жобалар анықталады.

ҚЫСҚЫ АЭРАЦИЯ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

«Есіл-Астана кеме қатынасы компаниясы» ЖШС Есіл өзенін аэрациялау жұмыстарын бастады. Бұл шараның мақсаты – су айдынындағы оттегі тапшылығының алдын алып, балық ресурстарын аман сақтап қалу.

Қыста суда еріген оттегінің деңгейі төмендесе өзендегі балықтардың тыныс алуы қиындайды. Осыған орай қысқы аэрация жұмыстары басталды.

Аэрациялау арқылы су оттегімен қанықтырылып, мұз астында жиналатын зиянды газдар шығарылады. Бұл өз кезегінде су қоймасындағы оттегінің тұрақты деңгейін сақтауға көмектеседі.



– Бұл жұмыстар арнайы жабдықтардың көмегімен жүргізіледі. Атап айтқанда, мұз бұрғылары, сағатына 80 текше метрге дейін су айдайтын мотор сорғылары және күшейтілген шлангілер пайдаланылады. Жобаға 7 маман және 2 қызметтік көлік тартылды. Сонымен қатар, қамыс шабылып, мұз шұңқырларына орнатылды. Бұл судың оттегімен толық қанығуын арттырады, – деді қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының Су объектілері мен қалдықтарды басқару бөлімінің басшысы Жанар Садвакасова.

Қазіргі таңда өзеннің төрт учаскесінде яғни Арқар көпірінен Марал көпіріне, Қараөткел көпірінен Атырау жаяу жүргіншілер көпіріне, Серуен жаяу жүргіншілер көпірінен Тұлпар көпіріне, Тұлпар көпірінен газ жабдықтары аймағына дейінгі жұмыстар толық аяқталды.

Мамандардың айтуынша, 840 мұз шұңқыры және 32 аэрациялық ойық жасалды. Қамыс жағалаулары орнатылып, жолақтар арасына су айдалды.

ОҚУШЫ ТӘРТІБІН ЖИ БАҚЫЛАЙДЫ

Астанадағы №107 мектеп – жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолданып жатқан білім ордаларының бірі. Мұнда бейнебақылау камераларына ЖИ жүйесі орнатылған. Жүйе балалардың қауіпсіздігі мен тәртібін жіті назарда ұстайды.

«Қыркүйек айынан бастап біз ЖИ негізіндегі мектеп моделін жүзеге асыруды бастадық. Жоба аясында мектептің бейнекамераларына ЖИ мүмкіндіктері енгізілді. Ол үшін біз «Protector AI» компаниясымен келісімшарт жасастық. Нәтижесінде олар бізге жаңа құрылғыларды эксперимент ретінде орнатты» деді мектеп директоры Айгүл Бейсенбина. Оның айтуынша, мектепте балалардың тәртібі мен қауіпсіздігін ЖИ жүйесі орнатылған бейнебақылау камералары жіті назарда ұстайды.

«Бұл мектеп қабырғасында оқушылардың агрессивті әрекеттерін бірден байқайды. Мәселен, егер балаға өзге қатарласы күш көрсетсе, болмаса ол мектепте ереже бұзса, жасанды интеллект камералары бірден жазбаны мектеп директорына, яғни маған жолдайды. Кейін біз оқиғаға қатысты балалардың ата-аналарын мектепке шақыртып, түсіндіру жүргіземіз» деді мектеп басшысы.



Сондай-ақ бұл камералар оқушының көңіл-күйін анықтап отырады.

Мұндағы мақсат – кез келген оқиғаның салдарымен күресу емес, керісінше олардың алдын алу. Мектепте жыл сайын бала саны артып жатыр. Оқу ордасы ашылған уақытта 242 оқушы болса, қазір олардың саны 847-ге жетті. Алдағы уақытта 1 200-ге дейін артады деген жоспар бар. Әлбетте, мектепте барлық жерде бейнебақылау камерасы орнатылған. Алайда олардың барлығын қарап отыру мүмкін емес. Ал ЖИ негізіндегі бейнебақылау камералары бірден оқиға туралы ескертіп отырады.

Тағы бір айта кетерлігі, мектептің бірінші қабатында кіреберісінде үлкен LED-экран орналасқан. Мұнда ЖИ-гиді келушілерге білім ордасы жайлы барлық ақпаратты айтып береді.

Астанада алғашқы қар жауғаннан бастап қаланың коммуналдық қызметтері тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істеп келеді. Өткен түнде қала аумағынан арнайы полигондарға 1 556 ауыр жүк көлігінің рейсімен шамамен 24 134 текше метр қар шығарылды.

2,8 МЛН ТЕКШЕ МЕТР ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ

19 қаңтар күні таңғы уақыттан бастап қар күреу жұмысына 3 044 жол жұмысшысы мен 1 395 арнайы техника жұмылдырылды.

Қыс мезгілі басталғалы бері жалпы көлемі 2 млн 789 мың 664 текше метр қар 206 961 рейспен тасымалданды.

Ең алдымен, негізгі көшелер мен қоғамдық көлік жүретін бағыттар тазартылуда. Одан кейін қозғалыс қарқыны орташа аумақтарда – аулаларда, алаңдарда, тротуарлар мен аялдамаларда тазалау жұмысы жүргізіледі.

Қала тұрғындарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жолдар, тротуарлар мен көшелерге техникалық тұз себілуде. Бұл жұмыстар да тәулік бойы атқарылып жатыр.

Сонымен қатар аула аумақтарындағы тазалықты қамтамасыз ету – пәтер иелері кооперативтері (ПИК) мен мүлік иелері бірлестіктерінің (МИБ) міндетінде. Олар тұрғындардың қауіпсіздігі мен қолайлылығы үшін аулаларды қар мен көктайғақтан уақытылы тазалауы тиіс.

Астана қаласының әкімдігі қала тұрғындары мен қонақтарын қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жолдар мен тротуарларда барынша сақ болуға, сондай-ақ қолайсыз ауа райы жағдайында алыс жолға шықпауға шақырады.



АСТАНАЛЫҚ САРБАЗДАР АНТ ҚАБЫЛДАДЫ

Елордада 5573 әскери бөлімінде 700-ден астам жас сарбаз әскери ант қабылдады. Салтанатты рәсімге бөлімнің жеке құрамы, сарбаздардың ата-аналары мен жақындары қатысты.



Ант қабылдау барысында сарбаздар Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, Отанға адал қызмет етуге және әскери борышын абыроймен атқаруға ант берді. Енді олар қала көшелерінде және маңызды іс-шаралар кезінде жауынгерлік қызмет атқаруға кіріседі.

Іс-шарада әскери бөлім командирі, полковник Жандар Әшірбеков жас жауынгерлерді құттықтап, әскери анттың әр сарбаз үшін үлкен жауапкершілік екенін атап өтті.

– Бүгін сіздер ер азаматқа тән ең үлкен жауапкершіліктің бірін мойындарыңызға алдыңыздар. Әскери ант – жай ғана сөз емес, ол Отанға, халыққа, ата-анаға деген адалдықтың айқын көрінісі. Сіздерге артылған сенімді ақтап, Ұлттық ұлан жауынгеріне лайық қызмет атқарады деп сенемін, – деді Жандар Әшірбеков.

Рәсімге 3 мыңға жуық ата-ана мен сарбаздардың туыстары қатысып, ұлдарының ел қорғау жолындағы алғашқы қадамына куә болды. Қатардағы жауынгер Диас Ботаев әскери ант қабылдауды үлкен абырой санайтынын айтып, Отан алдындағы міндетін адал орындауға дайын екенін жеткізді.

Салтанатты жиын жеке құрамның сап түзеуімен және әскери техникалардың жүріп өтуімен аяқталды.

№7 (4905) 20/01/2026 Сейсенбі

КӨЛІК ЖҮЙЕСІ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы кешенді бағдарламада қандай іс-шаралардың қалатыны және қайсысынан бас тартатыны туралы хабарлады.

Басқарманың мәліметінше, кешенді бағдарламада көлік жағдайын жақсартуға бағытталған 142 іс-шара қарастырылған. Алайда қабалданған шешімдердің барлығы бірдей шынайы әрі заңнама тексерісіне сай деу қиын.

Өзгерістер аясында екі заңнамалық бастама қарастырылды. Олардың бірі тұраққа көліктерін қою ережелерін бұзған автокөліктердің дөңгелегін бұғаттауды енгізу болса, екіншісі – такси қызметін лицензиялау. Бұл екі ұсыныс та белсенді талқыланғанымен, нәтижесінде бағдарламадан алып тасталынды.

Басқарма мамандары дөңгелекті бұғаттау бастапқыда жедел қызметтердің өтуіне немесе жаяу жүргіншілердің қозғалысына кедергі келтіретін көліктердің санын шектеу үшін қарастырылғанын атап өтті. Алайда іс жүзінде бұл әдіс мәселенің оң шешілуіне көмектеспеді.

Оның орнына эвакуация қызметі құрылды, жол қозғалысын реттеуге нақты құралдар беретін заңнамаға өзгерістер енгізілді. Соңында дөңгелекті бұғаттау туралы тармақ кешенді жоспардан алынып тасталды.

Екінші тармақ – такси қызметін лицензиялау әкімдіктің өкілеттігіне кірмейтіні белгілі болды. Уақыт талабы көрсетіп отырғандай, нарық тез өзгеруде: ресми таксопарктер азайып барады, ал мобильді қосымшалар керісінше үстемдікке ие болып отыр.

Автобус паркі өсіп, маршруттар цифрландырылғанына қарамастан, қалада кептеліс жойылған жоқ. Себебі қарапайым: Астанадағы автокөліктер саны 9 айда 10%-ға артты, бұл соңғы үш жылдағы өсімнен жоғары.

Сарапшылар елорда көпшіліктің жиі бас қосатын орталығы болып қала беретінін және бұл процесс автокөліктер санының өсуін тоқтатпайтынын айтады. Сондықтан бағдарламаның негізгі ұстанымы – қала тұрғындарының жылдам әрі ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз ету. Бұл ретте қоғамдық көлікті дамыту қажет. Оның мақсаты – жолаушылар үлесін 40%-дан 60-70%-ға дейін арттыру және қоғамдық көлікті тезірек, ыңғайлырақ, тиімдірек ету.



> Астанаға әр күн сайын мыңға жуық жаңа автокөлік ағылуда, әсіресе таңертеңгі және кешкі қарбалас уақытта көліктердің көбейіп кететіні белгілі. Бұл кейбір тұрғындарға қиындықтар тудыруда. Осыған орай қалалық мәслихатта елорданың 2025-2035 жылдарға арналған көлік жүйесін дамытудың кешенді бағдарламасына енгізілетін өзгерістер талқыланып, ол бас шаһардағы жол кептелістері туралы ашық әңгімеге ұласты.

Ведомство өкілінің айтуынша, былтыр қалаға шамамен 300 жаңа автобус сатып алынды, бұл айтарлықтай нәтиже берді. Алайда тұрғындардың тұрақты өсуін ескере отырып, мұның жеткіліксіз екенін ұғынуға болады, сондықтан 2026 жылы автобус паркі одан әрі кеңейтіледі.

Сонымен қатар баламалы іс-шаралар да, мысалы, тұрақ орындарын басқару, қарбалас уақытты азайту үшін жұмыс уақытын ауыстыру, көлік-қатынас түйіндерін дамыту енгізілуде.

– Тұрғындардың бір көліктен екіншісіне ауысып мінуіне ерекше назар аудару қажет. Бұл – халықаралық тәжірибеде бар, тексерілген шешім. Адамдар Қосшы немесе Қояндыдан қалаға жету үшін ауысу пунктіне дейін жетіп, жеке көлігін қалдырып, ЛРТ немесе басқа да қоғамдық көлікке отыра алады, – деді депутат Владислав Сергеев. – Бұл арзан, тез және қала орталығындағы кептелісті азайтуға мүмкіндік береді. Мұндай мәселе елорданың жаңа бас жоспарына алдын ала енгізілуі керек, сонда артық шығын да болмайды, нәтижесі ел иігілігіне жарайды.

Сонымен қатар көлік жағдайын жақсарту үшін қосымша іс-шара ретінде Bus Lane (автобус жолақтарын) ұлғайту туралы да сөз болды. Астанада 130 км автобус жолақтары бар, оны 140 км-ге дейін кеңейту жоспарлануда. Кейбір учаскелерде қозғалыс жылдамдығы 5-10%-ға өсті, бірақ әлеуеті әлдеқайда жоғары. Мәселе – ережелерді бұзушыларда. Бұрын бақылау құралдары жеткіліксіз болса, енді Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексіне өзгерістер енгізілді.

Тұрақ «қалташаларынан» бас тартудың нәтижесінде апаттар саны азайды. Алдын ала талдау бойынша, Bus Lane жолақтарымен арнайы көліктер ғана жүретін болса, олардың тиімділігі 50%-ға дейін артады.

Алайда алғашқы нәтижелерді астаналықтар алдағы екі жыл ішінде көретін болады. 2030 жылға қарай қоғамдық көлік қызметі дамуы тиіс, ал 2035 жылға дейін жүйе мәселелерді алдын ала анықтап, алдын алу режимінде жұмыс істейтін болады.

Юлия ТЕН

ЕКПЕНІ УАҚЫТЫЛЫ АЛУ МАҢЫЗДЫ

Қазіргі уақытта вакцинация көптеген аурудың таралуына қарсы күрестегі ең тиімді шаралардың бірі болып отыр. Уақытында салынбаған екпе түрлі салдарға әкелуі мүмкін. Елордадағы жоспарлы екпе науқаны туралы қалалық №2 емхананың педиатр-дәрігерлері баяндады.



Дәрігерлердің айтуынша, қазіргі кезде әртүрлі себеппен балаларына екпе салдырудан бас тартатын ата-аналар да кездеседі.

– Тәжірибемде бір жағдай болды: 18 жастағы жігіт шетелдік жоғары оқу орнына түсуге дайындалып, емханаға жүгінді. Алайда ол өмірінде бірде-бір вакцина алмаған, тіпті перзентханада салынатын БЦЖ екпесі де жасалмапты. Құжат тапсыру кезінде екпелер тізімі қажет болған соң бізден көмек сұрады. Бірақ ол кәмелет жасына толғандықтан, көмектесе алмадық. Вакцина алған адам әртүрлі ауруларды жеңіл қабылдайды. Ал екпе салынбаған науқастарда жұқпалы ауру кезінде асқынулар жиі болып, өкпе қабынуына ұласуы мүмкін, өкінішке қарай, өлім жағдайлары да кездеседі. Сонымен қатар мектептерде біздің мамандар жасөспірім қыздарға адам папилломасы вирусына қарсы вакцинация жүргізіп жатыр. Бас тарту жағдайлары әзірге тіркелген жоқ. Осы орайда ата-аналарға бүгінде екпе паспорты жоқ балалар балабақшаға қабылданбайтынын ескерткім келеді, – деді №2 қалалық емхананың педиатрия бөлімінің меңгерушісі Алтынгүл Жүрсінова.

Балаларды екпеге дайындау барысында мейірбикелерге маңызды әрі жауапты міндет жүктеледі. Олар ата-аналарға қоңырау шалып, балаларымен бірге екпе алуға шақырады.

– Бала дүниеге келген сәттен бастап анасымен жұмыс жүргіземіз, әңгімелесеміз, патронажға барамыз. Арадағы сенім қалыптасады. Барлық сұраққа ашық әрі нақты жауап беремін. Көпшілігі дәрігердің сөзіне сену керек екенін түсінеді. Алайда кейде діни немесе басқа себептермен баласына екпе салдырғысы келмейтін ата-аналар да кездеседі. Ондай жағдайда біз мәжбүрлемейміз, бірақ салдары туралы ескертеміз, – деді учаскелік мейірбике Асылгүл Арғымбаева.

Астанада 481 мыңнан астам жас тұрады. 2025 жылы оларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, студенттерге қолайлы жағдай жасау, волонтерлікті дамыту және өзге де бағыттар бойынша бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Осы туралы елорданың Коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев мәлімдеді.

ЖАСТАРҒА ҚАНДАЙ ҚОЛДАУ БАР?

Еңбек мәдениетін қалыптастыруға және қоғамдық құндылықтарды нығайтуға бағытталған «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» ұлттық бастамалары жастар саясатының маңызды идеологиялық бағыттары ретінде белгіленді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша осы бағыттар аясында жастарды қолдауға, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға және қоғамдық бастамаларға тартуға көбірек көңіл бөлініп, нәтижесінде жастардың жұмыспен қамтылу деңгейі, азаматтық жауапкершілігі және қоғамдық өмірге қатысу белсенділігі едәуір артты.

– Бүгінгі таңда Астанада жастарды жан-жақты қолдауға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. 2025 жылы 4 жаңа жоғары оқу орны ашылды. Олар: Cardiff University филиалы, ММХИ филиалы, Абай атындағы ұлттық педагогикалық университет филиалы және Сәтбаев атындағы ұлттық техникалық университет филиалы. Қаладағы 20 жоғары оқу орнында 105 мың студент білім алып жүр. Оқу жылының басындағы мәлімет бойынша елордада 25 мың орынға арналған 64 студенттік жатақхана жұмыс істеп тұр, – деді С.Ибраев.

Ұлттық статистика бюросының 2025 жылғы ресми деректеріне сәйкес, елордада NEET санатындағы жастар саны 28 мың адамды немесе 6,2 пайызды құрайды. Жастарды жұмыспен қамту бойынша жүйелі шаралар жүргізілуде.

Мәселен, «Жасыл ел» жобасы аясында жазғы кезеңде 5 200 жас жұмыспен қамтылды. «JolTap» жобасы аясында жастар 7 цифрлық және 11 жұмысшы мамандығы бойынша білім алуда. 2025 жылы бұл жобаға барлығы 7 600 адам қамтылды. «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында волонтерлердің, студенттердің және қаланың белсенді тұрғындарының қатысуымен ауқымды жұмыстар атқарылды.

– «Таза Қазақстан» – бұл тек сенбіліктер ғана емес, сонымен қатар тілдің, ойдың және ниеттің тазалығы. Акция аясында қыс мезгілінде қар шығарылды, коммуналдық қызметкерлерге ыстық шай тарату акциялары өтті, сондай-ақ ағаш отырғызу іс-шаралары, экскурсиялар, жасанды интеллект қолданылған көрмелер және эко-киіз үй орнату ұйымдастырылды. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында есірткі заттарын насихаттайтын жазуларды өшіру бойынша рейдтер тұрақты түрде өткізіліп келеді, – деді басқарма басшысы.

Айтуынша, жастар арасында лудоманияның, интернет-алаяқтықтың және буллингтің алдын алу мақсатында «Жарқын болашақ» жобасы іске асырылды. Жоба аясында түсіндіру жүргізіліп, Қаржылық мониторинг агенттігімен бірлесіп ауқымды форумдар ұйымдастырылды, қаржылық сауаттылықты арттыруға арналған іс-шаралар, рейдтер, подкастар мен бейнероликтер өткізілді. Нашақорлықтың алдын алуға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған «ESIRTKISIZ ELORDA» жобасы аясында жастар арасында тренингтер, спорттық турнирлер,



шығармашылық байқаулар, подкастар, сот процестерін модельдеу, үш күндік лагерь және өзге де форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, интернет кеңістігінде есірткі заттарын сату және жастарды есірткі бизнесіне тарту фактілерін анықтау мақсатында тұрақты мониторинг жүргізіледі.

– «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы қызметінің негізгі бағыттарының бірі – волонтерлік қызмет. Елордада волонтерлік фронт-офис жұмыс істейді. Волонтерлік ұйымдардың жалпы саны – 50, оның ішінде 30 белсенді волонтерлік ұйым және 20 бастамашыл топ бар. Белсенді волонтерлер саны – 6 000 адам. Қала бойынша волонтерлік қызметке 75 мыңнан астам адам тартылды. «Астана жастары» волонтерлері халықаралық және республикалық деңгейдегі 130 іс-шараға қатысты. Сондай-ақ әскери-патриоттық бағытта жұмыс жүргіземіз. «Жас сарбаз» жобасы аясында ардагерлер мен батырлардың қатысуымен ерлік сабақтары, фильм көрсетілімдері, патриоттық әндер байқаулары және өзге де іс-шаралар өткізілді. Қазіргі таңда елорданың 63 мектебі мен 14 колледжінде «Жас сарбаз» сыныптары мен клубтары жұмыс істейді, тәрбиеленушілер саны 3 мыңнан асады, – деді Самат Ибраев.

Райхан РАХМЕТОВА



ЖЕКЕ МЕКТЕПТЕР ЖАЙЫ ҚАЛАЙ БОЛАДЫ?

ЕЛОРДАДАҒЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫН ЖОЮҒА ЖЕКЕМЕНШІК СЕКТОР ТАРАПЫНАН НАҚТЫ ҮЛЕС ҚОСЫП ОТЫРҒАН 6 «BINOM» МЕКТЕБІ БАР. АТАЛҒАН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗІРГІ ТАҢДА 24 МЫҢ ОҚУШЫ БІЛІМ АЛУДА, БҰЛ ЕЛОРДАДАҒЫ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОРЫН ТАПШЫЛЫҒЫН АЗАЙТУҒА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТУДЕ

Осы істің шикі тұстарын назарға алған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында «Turkistan» газетіне берген сұхбатында жекеменшік мектептерді қаржыландыру жүйесін реформалау қажеттігін айтты. Президент жекеменшік мектептерді, балабақшаларды, даму орталықтарын және медициналық клиникаларды жан басына шаққандағы қаржыландыру қағидатына назар аударды.

«Ауқатты кәсіпкерлердің меншігіндегі және ата-аналары балалардың оқу ақысына көп ақша төлеп отырған элиталық мектептерге де бюджеттен қаржы бөлінеді. Бұл саланы мемлекеттен қаржыландыру жүйесінің өзін реформалау керек. Министрліктің бұрынғы басшылары енгізген бүгінгі бұрмаланған тәртіп бей-берекеттікке әкеп соқтырады, себебі қазірдің өзінде қаражат жетпей жатыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыған байланысты жекеменшік ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты орналастырудың қолданыстағы тетіктеріне жан-жақты талдау жүргізілді. Соның барысында бірқатар мәселелер анықталды. Премьер-министр Олжас Бектенов жекеменшік мектептер мен медициналық ұйымдарды субсидиялаудағы алаяқтыққа қарсы күрес жөніндегі шараларды пысықтау керектігін айтып, Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктеріне жекеменшік мектептер мен жекеменшік медициналық ұйымдарды субсидиялау саясатын қайта қарауға қатысты нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды.

«Артық қаржыландыруды тоқтату қажет. Адал бәсекелестікте жұмыс істей алмаса, бізге мұндай бизнестің қажеті бар ма? Бұл салада алаяқтық кеңінен таралып кеткені бәріне мәлім. Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктеріне бір апта ішінде аталған мәселелерді шешуге қатысты нақты ұсыныстар енгізуді тапсырамын» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Мемлекет мекемелерде орын болмаған жағдайда, жекеменшік ұйымда оқуға жан басына шаққандағы қаржыландыруды қарастырады. Десе де бұл мүмкіндікті теріс пайдаланатын мекемелердің болуы өкінішті. Субсидия көлемін көбейту мақсатында оқушылар мен мұғалімдердің «жасанды легі» туындап, бұл білім сапасына, мемлекеттік шығындардың тиімді жұмсалуына теріс әсер еткен.

> Елде қазіргі таңда жалпы білім беретін 7724 мектеп бар болса, соның ішінде жеке сектордағы мектептер саны 785-ке жеткен. 4 млн-ға жуық оқушының 250 мыңнан астамы сол жеке мектептерге барады. 2019 жылы әр оқушыға мемлекеттен бөлінетін субсидия бекітілгеннен кейін елдегі инвесторлардың мектеп ашуға деген қызығушылығы күрт өсіп, соңғы 8 жылда жекеменшік білім ордаларының саны 7 есе өскен. Алайда олардың көбеюі мектептегі орын тапшылығын толық жоюға да, білім сапасын арттыруға да айтарлықтай әсер етпеген. Басты мәселе – субсидия көлемін көбейту үшін кей оқу орындарының оқушылар мен мұғалімдер саны жөнінде жалған ақпарат беруі.

Премьер-министр жекеменшік білім беру ұйымдарына қатысты қымбат оқу ақысы мәселесін де атап өтті. Ол мемлекеттік бюджет «элиталық» мектептердің қызметін қаржыландыруға жұмсалмауы керектігін ерекше айтты. Мұндай мектептерде ата-аналардың төлемі оқу процесін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осы мәселелерді шешу үшін жекеменшік мектептердің қаржыландыру процесі толық цифрландырылып, қызметтерге төлемдер келісімшарттан бастап ақша төлеуге дейін есепке алынған.

Жекеменшік мектептерге қаражат бөлу – еліміздегі оқу орындарының тапшылығын жоюға бағытталған жүйелі жұмыстың бір бөлігі. Алайда жеке мектептердің көбеюінен аталған мәселе әлі жойылмай отыр. 2025 жылы бұл жетіспеушілік 251 мың орынға жеткен. Мұндай мектептердің көбеюі бюджетке айтарлықтай салмақ түсірген. Шығын 2020 жылы 13 миллиард теңге болса, 2025 жылы 242 миллиард теңгеге дейін өскен. Сонымен қатар соңғы 5 жылда мектептер салу бойынша инвестиция шығыны 111 миллиард теңгені құраған. Бұл қаражатқа шамамен 35 жаңа мектеп салуға болады. Осындай деректер келтірген вице-премьер, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева жекеменшік мектептердің көбеюі білім сапасының төмендеуіне әкелгенін де жеткізді.

– Көптеген мекеме өңірдің нақты қажеттілігін ескермей, бей-берекет ашылды. Мәселен, мектептердің 80 пайызына жуығы жалға алынған ғимараттарда орналасқан, ал директорлық қызметке көбіне білігі төмен мамандар тағайындалады. Бұдан бөлек, мектеп ғимараттары бизнестің меншігінде қала береді және 20 жылдан кейін құрылтайшылар оның мақсатты пайдаланылуын өзгерте алады. Мұның бәрі жүйеге деген сенімді әлсіретіп, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын төмендетеді. Осыған байланысты жағдайды түзету бойынша жүйелі жұмыс басталды. Қаржыландырудың жаңа тетігі пилоттық режимде енгізілді, мектептер цифрландырылып, бюджеттеу жүйесімен сәйкестендірілді. Алайда бұл – ағымдағы оқу жылының соңына дейінгі уақытша шара, – дейді вице-премьер.

Оның айтуынша, балама нұсқалар ретінде бағдарламаны кезең-кезеңімен тоқтата тұру немесе қаржыландыру шарттарын қайта қарау қарастырылып отыр. Осылайша 2026 жылдан бастап еліміздегі жекеменшік мектептерді қазынадан қаржыландыру шектелетіні айтылуда. Қазіргідей барлық білім ордасы қолдауға ие болмайды. Мемлекет жылдық төлемі 2,5 млн теңгеден төмен мектептерді ғана қаржыландырады. Кәсіп иелері бұл шешімнің салдарынан жеке мектептер жаппай жабылып, қаржы қысқармайды. Адал жұмыс істеп, сапалы білім беріп отырған жекеменшік мектептерге қаржыландыру әрі қарай да жалғасады.

– Қазіргі таңда орта білім беру саласы толықтай цифрланып, барлық дерек e-Qazyna порталы арқылы жүргізілуде. Сондай-ақ цифрландыру кезеңінен өте алмаған кейбір ұйымдар бар. Алайда бұл қаржыландырудың тоқтағанын білдірмейді. Кейбірі өз құжатындағы заң бұзушылықтардан немесе талаптарға сәйкес келмегендіктен өте алмауы мүмкін. Құжаттарын реттеп, цифрландырудан өткен мектептердің қаржыландыруы жалғасады, – дейді ол.

Елордадағы мектептерде орын тапшылығын жоюға жекеменшік сектор тарапынан нақты үлес қосып отырған 6 «Binom» мектебі бар. Аталған мектептерде қазіргі таңда 24 мың оқушы білім алуда, бұл елордадағы мектептердегі орын тапшылығын азайтуға және білім беру сапасын арттыруға ықпал етуде.

Жақында ҚР Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова елімізде жеке мектептерге қойылатын талаптар өзгеретінін жеткізді. Бұдан былай елімізде жеке мектептер тек нақты қажеттілік туындап отырған өңірлерде ғана ашылады. Лицензия тек үшауысымды мектептерді, апатты жағдайда тұрған білім ордаларын алмастыру мақсатында мемлекеттік мектептер жетіспейтін өңірлерге ғана беріледі.

МЕМДЕР-дің АСТАРЫНА ҮҢІЛСЕК...

Қазіргі заманның ақпараттық режимінде мемдер қарапайым әзіл элементінен әлдеқайда үлкен мәдени және әлеуметтік құбылысқа айналды. Мем дегеніміз – қысқа мәтін, сурет немесе бейне арқылы идеяны, эмоцияны, пікірді жылдам тарату құралы.

Алайда оның мәні тек күлкіде ғана емес: мемдер жастардың күнделікті тілін, топтық сәйкестігін, ақпаратты тұтыну тәсілін және әлеуметтік пікір қалыптастыруды өзгертуде. Бұл өзгерістің масштабы интернет-пайдаланудың жалпы кеңеюімен тығыз байланысты – қазіргі кезде жасөспірімдердің басым бөлігі интернетті күнделікті қолданады; зерттеулерге сәйкес, жастардың 96%-ы интернетті күнделікті пайдаланады, ал 46%-ы оны «үнемі дерлік» деп сипаттайды.

Мемдер жастарға ойды ықшам әрі визуалды түрде жеткізуге мүмкіндік береді, сондықтан оларды әлеуметтік желілер – TikTok, Instagram, YouTube, Telegram сынды платформалар арқылы тарату өте жеңіл. Қатысушылардың платформаларға тәуелділігі мемдердің әсерін күшейтеді: мысалы, жасөспірімдердің көпшілігі YouTube пен TikTok-ке күнделікті кіретінін және Instagram-ды жиі қолданатынын білеміз, бұл мемдердің кең аудиторияға жылдам жетуін қамтамасыз етеді. Платформалардың алгоритмдері эмоционалды реакция тудыратын контентті – көбіне мем тәрізді қысқа, қуатты сигналдармен берілетін материалдарды – жиі көрсетеді, сондықтан мемдер ақпараттық аренада ерекше үнемді және ықпал етуші құралға айналды.

Мем мәдениеті – жастар үшін тек ойын-сауық қана емес, сонымен бірге идентификация, эмоционалдық қолдау және әлеуметтік коммуникация құралы. Белгілі бір мемді бөлісу арқылы жасөспірім өз қабілетін, көңіл күйін, саяси немесе мәдени ұстанымын білдіреді. Бұл, біріншіден, ортақ тәжірибені білдірудің әдісі, екіншіден, әлеуметтік топтарды қалыптастыру факторы. Мемдер арқылы жас буын «өз тілін» жасайды: кейбір әзіл-мәтелдер, мысалдар немесе визуалдық шаблондар топтың ішкі коды ретінде қызмет етеді. Сол себепті мемдер жастардың әлеуметтік байланысын нығайтады, бірақ бұл байланыс көбінесе қысқамерзімді және контекстке тәуелді болуы мүмкін.

Психология тұрғысынан алғанда, мемдер стресс пен қысымды жеңілдетудің бір жолы ретінде әрекет етеді. Күрделі, ауыр тақырыптар мем формасына бейімделіп, күлкі арқылы қабылдануы жеңілдейді – пандемия кезінде де мемдер әлеуметтік кернеуді түсіруде маңызды рөл атқарған. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, психологиялық қиындықтары бар адамдар да мемдерден эмоционалды қолдау табатынын жиі айтады; «мем – әлеуметтік терапия» ретінде қарастыруға болатын бағыт бар. Бірақ мемдердің бұл оң әсерін шамадан тыс жалпылама сенімге айналдырмау керек: зиянды контент, өзі туралы немесе топтар туралы кемсітушілік, сондай-ақ өз-өзіне қатысты жағымсыз қылықтарды нормалап көрсететін мемдер жасөспірімдердің әлсіз психикасына кері әсер етуі мүмкін. Ғалымдардың қорытындылары бойынша мемдерді тұтыну психиатриялық осалдығы бар адамдар үшін көбінде пайдалы әсер беретіні байқалса да, белгілі шектер мен контекст маңызды.

Мемдер білім беру мен ақпарат тарату саласында да қолданылып жүр: оқытушылар оқуға мотивация қосу үшін және күрделі ұғымдарды жеңілдету үшін мемдерді оқыту сценарийлеріне енгізіп көрсету тәжірибесін сынауда. Кей зерттеулер көрсеткендей, мемдер білімге қатысуды арттыруы мүмкін, себебі олар оқушылардың қызығушылығын оятады және материалды есте сақтауға ықпал етеді. Дегенмен мұндай әдістің тиімділігі оны кәсіби тұрғыда дұрыс қолданған жағдайда ғана айқын көрінеді – егер мем тек назарды бұрып, нақты білім бермесе, оның бағалы әсері төмендеуі мүмкін.

Атап өту керек бір маңызды тәуекел – мемдер арқылы жалған ақпараттың немесе қауіпті нормалардың таралу қаупі. Қоғамдық денсаулық, зиянды мінез-құлық немесе саясат туралы қарапайым мемдер кейде фактіні бұрмалап көрсетіп, жалған сенім қалыптастыра алады; жасөспірімдер мұндай контентті сын көзбен қабылдай алмауы ықтимал. Сонымен қатар мемдер арқылы қалыптасқан жағымды көрініс (мысалы, темекі шегуді жеңілдетіп ұсынатын) нақты мінез-құлықты қалыптастыруға әсер етуі мүмкін деген зерттеулер бар – яғни мемдер тек ойдан тұратын әзіл ғана емес, нақты әлеуметтік нормаларды кодтау құралы екені ескерілетін жайт.

Практикалық тұрғыдан қарағанда, мемдер мәдениетімен дұрыс жұмыс істеу үшін бірнеше ұсыныс айтуға болады. Біріншіден, мектептер мен ата-аналар медиасауаттылықты жүйелі түрде үйретуі тиіс: мемдердің тақырыбы мен мәнін ажырата білу, фактчек жүргізу дағдысы бүгінгі білім жүйесінің маңызды бөлігін құрауы керек. Екіншіден, оқытушылар мемдерді оқу процесіне кірістіргенде оларды тек көңіл күй көтеру құралы ретінде емес, ойды тереңдету және талқылау үшін қолдануы қажет: мемнің тарихын талқылау, оның қандай әлеуметтік сигнал беретінін зерттеу оқушылардың сыни ойлауын арттырады. Үшіншіден, жасөспірімдерге интернетте қауіпсіз жүріс жасау (жеке деректерді қорғау, кибербуллингтен сақтану) және эмпатия мәдениетін дамыту керек; мемді әзіл ретінде қолданғанда да адамға зиян келтірмеуді ескеру мәдениеті қалыптасуы маңызды.

Дильназ ҚУАНБЕКОВА,
Астана қаласы
№105 орта мектептің
11-сынып оқушысы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

14.01.2026 №510-99

Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексі 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласының коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – құрылыс салушы) мүддесінде қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Магистральдық нөсерлік кәріз коллекторын төсеу дәлізі» объектісін төсеу және пайдалану үшін Астана қаласы, «Есіл» ауданы, №28 көше (жобалық атауы), Түркістан көшесінен Мәңгілік ел даңғылына дейінгі учаске мекенжайында орналасқан 1,3378 га жер учаскелеріне 3 (үш) жыл мерзімге шектеулі пайдалану құқығы (қауымдық сервитут) белгіленсін.

2. Құрылыс салушы осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күнен кешіктірмей, меншік иелеріне көрсетілген жер учаскелеріне шектеулі пайдалану құқығын (қауымдық сервитут) белгілеу және көрсетілген жер учаскелерінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау мерзімдері туралы жазбаша хабарлама жолдасын.

3. Құрылыс салушы жер учаскесін пайдаланғаны үшін (қауымдық сервитут) он жұмыс күні ішінде «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 0,5651 га мемлекет меншігіндегі жерлерге жер учаскелеріне қауымдық сервитут шартын жасасын.

